

17 2009

1780к

Серік  
Ақсұңқарұлы

*Ғасырлар  
кардиограммасы*



# Серік Ақсұңқарұлы

## *Ғасырлар кардиограммасы*

(Триптих)

1. Моцарт пен Сальери
2. Құстар әні
3. Құрылықтар



АЛМАТЫ  
«ЖАЗУШЫ»  
1992

ББК 84 Қаз 7-5  
А 37

А 4702250202-039 47-91  
402(05)-92

ББК 84Қаз7-5

ISBN 5-605-01247-9 © Жазушы баспасы, 1992

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың  
А. С. Пушкин

## ҒАСЫР ҚАРДИОГРАММАСЫ

### Ш. Айтматовқа

Мен бүгін тағы, жан аға,  
Жатырмын ауруханада...

Дәрігерлер іздеп күні-түн  
дертімнің тапты бір емін:  
«Өлеңді таста, жігітім!  
Өректіп жатыр жүрегің...»

Бір ойлар басты түтіп-жеп,  
Қағазға көшіп таңбасы —  
қолымда тұрды лүпілдеп,  
Жүректің кардиограммасы!

Мен ғана ма екен алаңдап,  
Сарғайған ойлар санамда.  
Ғаламзат, бүкіл адамзат  
жатыр ғой — ауруханада!

Адамның тағдырнамасы,  
Заманның тағдырнамасы,—  
Жүректің кардиограммасы!  
Ғасырдың кардиограммасы!

Арайлап атып таңдарым,  
Көңілден көшті замандар.  
Көзімді ашсам — жан-жағым —  
ақ халат киген адамдар.

Бір ойлар басты түтіп жеп,  
Соларға ұшып жөнөдім.  
Қолымда тұрған лүпілдеп —  
кардиограмма — өлеңім...

# БІРІНШІ БӨЛІМ

---

## МОЦАРТ ПЕН САЛЬЕРИ

(Поэма-синдром)

АРНАУ

Моцарт пен Сальери...

Дана мен Дарынсыз.

Бұл — мәңгілік тақырып. Олар туралы бір кезде Пушкин де қалам тартқан-ды.

Адамзат барда дана да, дарынсыз да болады. Сондықтан өз заманының Моцарттары мен Сальерилеріне әр ұрпақтың өкілдері өзінше қарап, өзінше баға беретіні де заңды құбылыс. От ауызды, орақ тілді Бауыржан Момышұлы: «Мен соғыста — қорқақтарды, әдебиетте — дарынсыздарды жек көремін», — деген еді.

37-ші жылдардың Сальерилері не істемеді? Олардың құрбандары көп қой: Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев...

Бұл жыр сталиндік репрессияның құрбаны болған халқымыздың сол Рухани Пайғамбарларына арналады.

### 1. МҰҢЛЫҚ АНА ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

«Пойыз Көкшетауға келді. Балам қолымда мәңгілікке көз жұмды... Буынымнан әл тайса да, Аянымның өлі денесін құшақтап, қалаға тарттым...»

(Гүлбаһрам)

Жүрегін осы ойранды жылдар пышақтап,  
Көшеде жүрген аруақтарға ұсап қап —  
барады әлі бұл әйел талай қалаға  
Марқұм ұлының өлі денесін құшақтап...

Құлар ма екен бір аттап, екі... үш аттап,  
өз шаранасын тәрк еткен жанға ұсап қап?!  
Жалақорлардың үйіне кіріп барады ол  
Марқұм ұлының өлі денесін құшақтап...

Молада жүрген аруақтарға ұсап қап,  
жүреді ол өстіп бір аттап... екі... үш аттап...  
Кіреді ол өстіп Кагановичтің түсіне  
Марқұм ұлының өлі денесін құшақтап...

Жанары — тұман: көрсоқыр жанға ұсап қап,  
қарады елге бір аттап... екі... үш аттап...  
Барады ол өстіп Сталин туған Горийге  
Марқұм ұлының өлі денесін құшақтап...

Өңі емес оның көз алды — күңгірт түс аппақ.  
Құлар ма екен бір аттап... екі... үш... аттап?  
Елу жыл жүрді осы әйел кезіп көшені  
Марқұм ұлының өлі денесін құшақтап...

Заманы құрып ұсақ пендемен — ұсақтап,  
қарады тұрып бір аттап бізге... үш аттап...  
Барады кіріп «Тарих» дейтұғын күмбезге  
Марқұм ұлының өлі денесін құшақтап!

Репрессия құрбандарына ескерткіш орнату туралы әңгіме көтерілгенде көз алдыма менің осы көрініс елестеді. Күндердің күні мүсіншілер Аян мен Гүлбаһрамға да ескерткіш қоюды қолға алар... Өйткені өз шежіресіндегі әрбір тағылымды тарихи оқиғаны төл көркемөнерінде бейнелеу көргенді елдің қасиетті парызы емес пе?

Алматыда әлі күнге дейін Сәкеннің ескерткіші жоқ! Тоқырау кезінде тіпті бұл тақырыпта сөз қылуға да «тыйым» салыныпты деседі. Неге? Сөйтсек, Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» бір басшының қайын атасы болған бір контрреволюционердің жексұрын образы суреттелген екен... Ол соны кешпесе керек. Кейін кезінде социалистік қоғамда қайта бой көтерген феодал-патриархтар Қызыл Сұңқар — Сәкенге осыны істегенде басқаны қалай оңдырсын?!

Сәкенге ескерткіш қашан орнатылады?

Күтуден өткен азап жоқ екен.

Бірақ мәселе сонда ғана ма?

Әрбір адам үңірейген көшелер мен аңырайған алаңдарға қарап көзін сатпай, өз халқының рухани пайғамбарларына ең әуелі өз жүрегінде өзі ескерткіш туғыза алмаса адам баласының жады мен зердесінде қандай мағына, мазмұн қалмақ?!

М. Цветаева «Менің Пушкинім» деген.

Абайдың Пушкині одан бөлек еді...

Иә, әркімнің өз Пушкині болуға тиіс.

Біреулер «Менің Пушкинім», «Менің Абайым» десе оған таң қалатын түгі жоқ.

Міне, менің Сәкенім:

## 2. СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН. ТҮС

### 1

Тірі жан жоқ мойындайтын күнәні.  
Көздерінде күдікті ойлар тұнады...

Сәкен аға! Сардар аға! Қыраным!  
Жоқтау болып сені іздейді жыр-әнім...  
Сейілте алмай қара түннің тұманын,  
боздап тұрып келеді бір жылағым!

Жоқ қой жерде сенен қалған мола да!  
О, сұмдық-ай! Моласыз жан бола ма?!  
Егілейін! Еңірейін... ал, одан  
үңірейген сенің орның тола ма?

Бар бауырың көзден моншақ төгеді:  
«Бауырым...»-даған жоқтау болып өлеңі.  
Көз жасынан жер көгерсе, ендігі  
жерұйықта жүретін кез боп еді...

Жала болып жабысарын Күнәнің  
қайдан білем? Көздің жасын бұладым...  
«Халық жауы!»— деген сөзден, тарс бітіп  
әлі, міне, шуылдап тұр құлағым!

Ғазиз жан!

Қабірің қайда қазылған?!

Өз ұлдарын өзі өлтіріп енді кеп —  
өмір бақи жоқтау салу, еңіреп —  
адамзаттың мандайына жазылған!

Кім біледі, жатырсың ба табытта?  
Рухың — ұшып, тәнің ғана қалып па.



Түсінбеймін; халықтың өз баласы  
калай ғана жау болады халыққа?!

Рухың — тірі! Аспанымда ұшып жүр!  
Қас қағымда.. көрген дертті түсің бұл.  
Түсіңде не сұмдық көрдің? Айтшы, аға?  
Түсіндірші! Түсіндірші! Түсіндір!

Асау Рух — арқау асқақ дастанға,  
Солқыл болар соңғы толқын — жас жанға.  
Айналады адам тәні мәйітке  
рухы ұшып кеткен кезде Аспанға...

Таңсық емес жұлдыздардың сөнуі,  
адамдардың Ажал Сұмға көнуі:  
рухы елдің қасиетті халқымның,  
рухтардың мүмкін емес өлуі!

Бесік жыры — ол тәрк ететін моланы.  
Халықтардың, алыптардың сол — әні.  
«Аруақ» деп айқайласа ел-жұртың  
арқамызға Атой болып қонады!

Пенде құсап.. суып бозғыт түс — өңі —  
өлген жоқсың. Затың — Сұңқар құс еді.  
Бар болғаны: шаршап — ұйықтап — түс көрдің...  
Бірақ неткен қорқынышты түс еді!

Сұңқар-Рухың аспанымда ұшып жүр.  
Қас қағымда.. көрген дертті түсің бұл.  
Түсіңде не сұмдық көрдің? Жориын...  
Түсіндірші! Түсіндірші! Түсіндір!

Тіл қатпайсың. Көніп тағдыр тезіне,  
тірі пенде түспеді ме көзіңе;  
мекер елден қайтып әбден меселің  
менің де енді сенбейсің бе сөзіме?

Неге үнсізсің! Тіл қатсаңшы балаңа,  
бауырыңа, Сарыарқана, Далана!  
Тәнің өліп кеткенімен, санада —  
рухың мәңгі тірі еді ғой, Жан-аға?!!

Міне, менің жан сырым — жыр-өлеңім,  
бар болғаны — Көз Жас едім. Көл едім...  
Қара Дақ жоқ ойымда һәм сөзімде  
Мен жоқ едім ессіздіктің кезінде:  
Елуінші жылы туған төл едім.

Серік етіп сенің Муза-құсыңды.  
көзімді ашып, көрдім сұлу мүсінді.  
Ошағыма, Отаныма мәңгі ие —  
Ұрпақ екем, Ұрпақ деген — Әулие:  
айтайын ба сонда көрген түсінді?

## II

...Тар жол, тайғақ кешулердің ішінде  
шаршап ұйықтап кетіп едің қалжыраған пішінде.  
1937... Қорқынышты түс көрдің.

Түсінде —

жүр екенсің өршіген өрт-жалында,  
Аненковтың азап вагондарында...

Ұйықтап жатып өзіңе-өзің таң қалдың.  
Сен шамдандың... неменеге шамдандың?  
Соңыңнан сол шырақ ұстап қалмай қойған

**жандардың**

Әпжыланнан аумайтынын аңғардың!

Қайран жаның қашан табар миятты?  
Кеудеңнен бір күңіренген күй ақты.  
1918-дің қасіреті — түсінде  
қайталанған сияқты!

Тағы келіп тап болдың ба жасынға?  
Неше түрлі күдікті ой бар басыңда.

Көзінді ашсаң: көкірегі қайғы-шер  
Бейімбет пен Ілияс жүр қасында...

Көрген сынды адам емес — бүйіні  
олардың да түсіп кеткен иіні.  
Аң-таң қалдың: Анненковтың үстінде —  
милиция киімі!

Тұрып қалдың сонда түкті түсінбей,  
Жаны кетіп, тәні... қалған мүсіндей.  
Түсім дейін десең — өңің сықылды,  
Өңім дейін десең тура — түсіндей!

Сонда Атаман сөйлеп кетті құтырып:  
— 18-де... кетіп едің құтылып...  
37... ойран болып — сорыңа —  
Өзің келіп түстің менің қолыма!

Қазына не — ұры-қары үлескен?  
Бүкіл тарих өтті теке тіреспен.  
Қол-аяқтап шегенделген Иса да  
Қара құрым халық үшін күрескен...

«Бостандық» — деп — түрме болды жеткенің.  
Мәңгі бақи тұтқынмысың тек менің!  
Адамзатқа азаттықты сағынған,  
сен... немене... Иса болам деп пе едің?!

Ал не шықты пайғамбардың жолынан?  
Ол — ессіздік! Ол — шер-азап! Ол — ылаң!  
Енді сенің мен жетермін түбіңе!  
Иса да өлген Понти Пилат қолынан...

Сүйікті ұлын соққылатқан содырға,  
Халық деген кім, ал сонда? Тобыр ма?!  
— Жап аузыңды! Тіл тигізбе халқыма!  
Жете алмайсың сен халқымның парқыңа!

— Ессіздердің бәрі де осы ел десе...  
Түс аспаннан! Сөйлесеңші пендеше!  
Надан неме... Сүйесің сол тобырды...  
Саған неге жала жапты ендеше?!

Осыны айтып сақ-сақ күлді Атаман,  
Түсіңде де ұйықтатпайды жат адам...

Неше түрлі ойлар түйдің ішіңе,  
Көз жеткендей зілзаланың күшіне,  
енді, міне... өңіндегі Әзәзіл  
мазақтайды кіріп алып түсіңе!

### III

Алай-түлей дауыл ойнап көңілде  
неше түрлі сұмдық көрдің өңінде:  
жата бердің шыдап, мүмкін, содан ба?  
Ал мына түс... қорқынышты одан да?

Өңінде сен сарбаздарға ілестің.  
Көрдің талай теперішін тірестің.  
Зілзаламен, қайран ақын сол кезде  
түсіңде де келіп кетті күрескің!

Тұла бойың — тұнып тұрған келісім...  
Көргің келмей жетесіздің жеңісін —  
түсіңде де Пәктік үшін қан төгіп,  
азап шегу — арман еді Сен үшін!

Қандай ғана кінәң бар еді, жолдас, ә?  
Құдайың да құл-құтанды қолдаса —  
ел-жұртың да еңселі боп тұрған соң  
тәкаппарлау жүретінің болмаса?

Пірің еді — Ұлы Ленин, дана Абай.  
Дала ұлы едің Көңілің де даладай.

Тап жауына болғанымен тәкаппар,  
Қайран ақын, баладай ең, баладай!

Сәби едің. Көзіңе жас тола ма,  
Жатқан жерің Бесік емес... Мола ма?!  
Қара нарды... қайда салсаң — сонда сал:  
балаларды... азаптауға бола ма?!

Тұла бойың — саф сұлулық, еркелік.  
Зұлымдықтан жүрегінде дерт еріп...  
Сұмды көрсең күкірт тиген ши құсап  
лап ете қап! Кетуші едің өртеніп!

Советстан сыйып кеткен жырыңа,  
қыран едің, қанат қаққан Шыңына.  
Сұңқар құсап қарайтының қияға  
қарғалардың тиді ме екен жынына...

Көркіңе егер көзі түссе жан адам —  
иісі еркекті көргендей боп жаңадан —  
Адамзаттың сұлуы сен екенсің  
анда-санда туатұғын анадан!

Әйелдерге сендей сері жолықсын,  
жолықсын да рақатқа молықсын:  
әлемдегі еркек біткен — бір төбе,  
Сәкен аға, сен — бір төбе болыпсың!

Көкшетаудан бөтен жерді жерсінбей,  
Қойғандайсың басқа өлкеге сен сінбей.  
Сені көрсе бұзылыпты бір күнде  
әйелдер де күйеулерін менсінбей!

Ақ патшаны тақытынан ұшырып,  
құлдық күйреп, күндік күйреп, іші ұлып,  
Аң-таң болды босағада қалған Бас  
өз үйінде Төрдің барын түсініп.

Өрге қарай көш түзеді өр елің,  
өңез заттан теріс қарап өренің.  
Көрді сонда бас көтерген Төлеңгіт,  
өздеріндей пенде екенін Төренің...

— Алла! Қара: «танысың ба бізді?»— деп,  
сол заманда той-тамаша қызды кеп,  
берді ме екен Бекежандай жау тауып  
қайда барсаң — сонда барған Қыз Жібек?

Тап жауына қабағыңды суытып,  
қағып өттің кісі көрмей мұны түк.  
Үлестірдің аққуларға жыр-шашу  
қарқылдаған қарға барын ұмытып!

Күл-көмешке тиіп едің бүліктей,  
Өр талғамың өңезбенен кірікпей.  
Айнакөлде жатып алды мамырлап,  
сен келгенде... аққулар да үрікпей...

Сен жаһанның жасыны едің жат үшін,  
бір болса да Шығысың мен Батысың.  
Ғаламның бар қарғалары жиналып,  
Аңдып жүріп тапты ма екен қапысын...

Сауалым бір Сталинге — Атама,  
ел құлағы — елу: өсек жата ма;  
қарға біткен қарқылдады екен деп  
айнакөлдің аққуларын ата ма ?!

#### IV

Талақ қылып тарпаң сұмның жыртылын,  
еске алайық сол кезеңнің зіркілін:  
бір жағы — май, бір жағы у ұртының —  
менделердің біледі әлем құлқынын;

жылан — олар — адамзатты арбаған,  
түбіне де жеткен солар ұлтының!

Ізгілікті ішіп-жеген көздері,  
Абай айтқан: «шошқа туар сөздері».  
Нәсіл де жоқ, ұлт, халық та жоқ онда —  
өздері бар... Тек өздері! Өздері!..

Қараң қалсын: қайтеді олар өзгені?  
Есіл-дерті — өз қарыны, өз демі.  
Құлқыны үшін құлындарын... сойып-жеп,  
Өңі кіріп жүре бермек өздері!

Жүргенменен Мәңгүрт құсап мәңгіріп,  
жамандықта... тіріледі жан кіріп.  
Құдайға да сенбейді олар ғұмыры,  
Маркске де сенбейді олар мәңгілік!

Абайдың да «осалдығын» аңғарып,  
Ілиястың шабытына шамданып —  
Жаһан жылап жатса дағы — мээ-мейрам,  
Жүреді олар тасбақаша жан бағып.

Адамзатқа арандарын түр ашып  
бәйек болып... жанкүйер боп... жыласып...  
30-ыншы жылдардағы Белсенді — ол.  
Сол 40-ыншы жылдардағы Власов!

Тарих-Ата ол жайлы  
неше түрлі хикаяны толғайды.  
Тоғышардың көзін ашып көргені —  
ошақ қана, Отан деген болмайды!

Бір жағы — май, бір жағы у ұрты, әні,  
Тақсыретін тартады оның жұрт әлі.  
Кезі келсе Мұхтарды да мұқатып,  
«сәтін» тауып Сәкенді де құртады!..

Мінбелерге шығып алып амалдап,  
сол шешендер қызыл тілі/жалаңдап —  
рақатқа бататыны бар тағы  
Лияс пен Бейімбетті жамандап!

Күлкілі ғой, күлкілі ғой, күлкілі!  
Күлеміз деп жылаймыз-ау бір түбі!  
Кім көріпті мұндай сайқал түлкіні:  
есімдерін өзі құртқан ел жайлы  
естелік те жаза алады бір күні...

Кешір, аға... Кеше гөрші, Ардағым!  
Отаны жоқ опасызда бар ма мұң:  
жеңдерімен көзін сүртіп соғып тұр —  
«жеке адамға табынудың зардабын»!

Көрген емес тығырыққа тіреліп,  
іштерінен бір тіріліп, бір өліп.  
Қабақтарын түйіп алған қарс жауып  
Қасымды да қабылдамай жіберіп...

Қашан, бірақ соған іші налыды?  
Жасынға кеп жанын қашан жаныды.  
«Маскүнем» ед Мұқағали кеше оған —  
Ақын екен... Енді ғана таныды!

Ізгілікті ішіп-жеген кездері,  
Абай айтқан: «Шошқа туар сөздері».  
Нәсіл де жоқ, ұлт, халық та жоқ онда —  
өздері бар. Тек өздері! Өздері!..

Жазушылар Одағында жүр олар,  
Айтматов «Боранында» жүр олар.  
Тоқсан жолдың торабында жүр олар!  
Өздері — аман. Өзгелер жоқ — куәлар!  
Қалада да, далада да жүр олар.



О, сұмдық-ай, қайта құру қақында  
қалай-қалай қақсайды-ей, мыналар?!

Әзәзілдің әлегі енді жетті, Аға!  
Кеудем толы кек-нала ғой, кек-нала!  
Кеудесінде жүрек те жоқ олардың,  
Шырматылған ішек-қарын бар тек қана!

Кел, Музаға қанат байлап, самғашы!  
Көзіңменен көрмей тұрып нанбашы:  
дүниенің бетіндегі Қара Дақ —  
сол сұмдардың салып кеткен Таңбасы!

Жер түкпірін кезіп елесі  
төгілетін Қан іздейді келесі...  
Боққа толы ішек-қарыннан тұрады —  
Ежов пенен Берияның денесі!

Зу-зу етіп төбемізден оқ ұшып,  
қайран жерің қан-майданның қонысы.  
Сен жырлаған — Революция, жан аға,  
ішек-қарын мен жүректердің соғысы!

Жылан болып қастық жасар ұяға,  
Қыран болып қарамайтын қияға —  
дүниенің күллі күйкі-көмеші  
айналады Анти-Поэзияға!

Өз күнәсін олар қайтып жуады?  
Шежіреміз дау мен дамай, шу әлі...  
Ауыздарын сүйреңдетіп арам ой  
анти-елден Анти-Сәкен туады!

Адастырып алдайтұғын не бізді?  
Аңқау көңіл талай таяқ жегізді.  
абдырап қап ішек-қарынға айттық-ау  
Жүрекке арнап айтатұғын лебізді?!

Саған мәңгі рақым нұры жауады,  
рухыңменен тазалатып ауаны.  
«Неге ұлына жала жапты?— деген сол —  
түсіңдегі Анненковтың сауалы —  
ізгілікті ішіп-жеген көздері —  
Әзәзілдің шошқа туар сөздері —  
нала жатқан жүрегімді шаншиды.  
Жала жапқан — сол сұмдардың өздері!

Сен көнбейсің жазмышына тағдырдың.  
Ата-жауды ақыры естен тандырдың:  
ішек-қарыннан құлан таза құтылып,  
жер бетіне Рухыңды қалдырдың!

Бірақ... бірақ — ішім дертті, Жан аға,  
Қалай сені құрбан қылдық жалаға?  
Неткен шерлі қасіретті Отаның!  
Орақ-Балға, жүзіменен Соканың —  
Жерге сеуіп ізгіліктің тұқымын  
құртсам дедің Тоғышарлық Топаның!

Одан басқа кінәң бар ма, жазығың?!  
Қақсам дедің — Қазақстан қазығын!  
Көнді ме оған Наданың мен Пасығың?  
Абдырап-ақ кеткенің бе, Асылым?

Ордалы бір Одақ қылғың кеп еді —  
Робинзонның Лашығын!  
Тірі жан жоқ мойындайтын күнәні,  
көздерінде күмәнді ойлар тұнады...

Өле-өлгенше Ақиқатқа ділгірсің,  
ұстата ма, бірақ бізге білгір Сұм.  
Христосты сатып кеткен Иуда  
сені дағы көрсетті ме? Кім білсін...

Сатса сатар! Қайтем қуып елесті?  
Ер ісіңді екшей жатар ел есті.

Халқың сүйген «Сәкен» дейтін өр тұлған  
құдіретті құдайдан кем емес-ті!

Ескі тарих елесі тұр миымда,  
Ессіздікті болмай ма еш тыюға?  
Оңымыздан, солымыздан бір шығып  
соңымыздан қалмай қойды-ау Иуда?!

Тар жол, тайғақ кешулерді не түрлі,  
бастан кешіп, ұрпақтарың жетілді.  
Адамзаттың азасы бір, шаттығы,  
Әзәзіл де — біреу ғана секілді!

Асқақ өмір атпай қоймас таңдай-ды,  
ұрпақтарды ұрпақтарға жалғайды.  
Қыран даусың қайта көктен естілді,  
Біз сен үшін соттамаймыз Ешкімді...  
Бірақ... Ешкім ақтала да алмайды.

Иса құсап суып бозғылт түс-өңі  
өлген жоқсың. Затың — Сұңқар құс еді.  
Бар болғаны: шаршап... ұйықтап — түс көрдің.  
Бірақ неткен қорқынышты түс еді!

Арайланып атты, міне, нұр таңың.  
Тұғырыңа қоншы, Қызыл Сұңқарым!  
Оян, Аға, оян, қане, ұйқыңнан,  
енді мұндай түс көрмесін ұрпағың!

Неге үнсізсің! Тіл қатсаңшы балаңа,  
бауырыңа, Сарыарқана, Далаңа!  
Тәнің өліп кеткенімен, санада —  
рухың мәңгі тірі еді ғой, Жан аға?!!

### 3. 1937—38 ЖЫЛДАР ХРОНИКАСЫ

«Ғабит, Сәбит партиядан шығып қалды. Ғабит Мүсірепов партиядан шыққан күні өзімен өкшелес бір жазушы Құсни келінімізге: «Үйлеріңнің кілтін ешкімге бермеңдер! Басқа біреу кіріп қоймасын! Бұл үйге мен кіретін болдым»,— деп телефон соғыпты. Ғабиттің үйіне кірмекші болған әлгі жазушы аяқ астынан өзі қамалып қалыпты. Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Ғаббас ұсталып кеткеннен кейін артта қалған ұсақ-түйектерге орден беріп есіртіп жатты. Олар жиналыс кезінде әлденеге келіспей қалғанда: «Әй, сендер шығындаршы! Біз өзіміз, орденді жазушылар, оңаша қалып, мәселені шешіп алайық»,— дейтінді шығарыпты.

Біреулері Жамбыл ақсақалға үкімет арнайы бөлген машинаға мініп, «Ұзынағашқа кеттім» деп, былай шыққан соң арақ ішіп, ойына келгенін істейді екен. «Бассыз үйдің баласы — бейбастақ»,— дегендей аға жазушылар кетіп, бас көтерер біразы партиядан шығып қалған соң, ұсақ-түйектері сол көкбазарға жиналып алып, кешке дейін арақ-шарап, сыра ішіп, шыбындап жүретін көрінеді. Іздейтіндері — пәле...» (Гүлбаһрам).

О, Гүл-Апа! Уа, Мұңлық, Жан-ана!  
Тарих деген — тап тартысы ғана ма?  
Моцарт пенен Сальеридің шайқасы  
жүріп жатыр қалада да, далада.  
О, Гүл-Апа! Уа, Мұңлық, Жан-ана!

Адамзатты қанды алаңғы шақырып,  
Төбесінен қарап тұр бір Мақұлық!  
Жүріп жатыр ер мен ездің шайқасы  
ежовтарды рақатқа батырып.

Кімді көрдік? Сұмды көріп шошындық,  
шошындық та сол шеруге қосылдық:

Сальериге өлтірттік те Моцартты  
Омырауына орден тақтық... о, сұмдық!

Лауреаттар, лауазымдылар кім еді —  
Қара тас боп қатып қалған жүрегі?!  
О, не деген жеркенішті сүреңі:  
көктей солып жатқан кезде гүл — елі  
көкбазарда шарап ішіп жүреді!

Қан төккен соң қолын сүртіп шалғынға,  
айналған соң Анти-Адам-Малғұнға —  
қайдағы бір жантықтарға барса жөн,—  
Қалай батып барады екен Жамбылға!?

О, Сұмдық-ай! Қалшылдайды бой да әлі...  
Томеріңді олар кім деп ойлайды?!  
Өлтіріп кеп балаларын Жамбылдың  
Жаназасын қаралы үйде тойлайды!

О, Гүл-Апа! Дертің қайтсем — емделер?  
О, Аналар! Қасиетті жеңгелер!  
Отанының қанын ішіп алған соң  
шарап ішіп жатыр мына пенделер!

Ал ішіндер! Талтаңдасаң — талтаңда!  
Ал ішіндер! Талқандасаң — талқанда!  
Көк базарды түгел сатып... сендерге  
берер едім... ақшам болса қалтамда!

Саяжайдай болып зілді жел күндер,  
ал ішіндер! Кекіріндер! Кергіндер!  
Мына өмірге — қамшының сабындай,  
сендер, сұмдар, ішу үшін келдіңдер!

Ал ішіндер, жоқ Алыптар Тобы алда...  
Мээ-мейрам боп былшылыңды соқ онда:

көңілдерің көк базар ғой, дананы —  
дарынсызға талататын қоғамда!

Ал ішіңдер... Кім бар саған тең келер?!  
Қарап тұрсын қаралы анау жеңгелер:  
Илиясы, «Құлагері» болмаса  
мәстегіне мәз болады пенделер!

Ал ішіңдер, естен танып, мас болып,  
енді алған елге мынау бас болып!  
Сондағы ішкен шараптарың, міне, енді  
көзімізден ағып жатыр жас болып!

...О, Гүл-Апа! Қойшы...  
Айтпашы сол жайды...  
Олар сендей қай тереңге бойлайды:  
ошағының күйбеңі үшін күйкілер  
Отанының жаназасын тойлайды!

Араны — ашық. Қан ішсе де тоймайды!  
Қу құлқыны бәрін... құртпай қоймайды!  
Күллі әлемнің жендеттері осындай —  
көк базардың даңғойынша ойлайды...  
О, Гүл-Апа! Қойшы.. Айтпашы сол жайды!

Жоқ, Гүл-Апа! Айта түсші, Жан-Ана!  
Тарих деген — тап тартысы ғана ма:  
Тасырларға бериялар жан тартып,  
Қасымдар да! Қалып қойған далада...  
Айта берші... Айта берші, Жан-Ана!  
Тарих деген — тап тартысы ғана ма?

Маркстер жоқ... Енді кіммен кеңесем:  
Мұқағали-Мұзбалағың ересен —  
көрінбейді.. Ол да — Сәкен еді ғой  
жер бетінде қабірі бар... демесең!  
Маркстер жоқ... Енді кіммен кеңесем?!

Жоқ! Жоқ! Айтшы! Бір күдік пен бір үміт  
басымызда бара жатыр бірігіп:  
төбемізде Муза болып қайта ұшсын  
Мағжан мен Төлеужандар — тіріліп...

#### 4. СТАЛИННИҢ БАЛАЛАРЫ

Репрессия жылдары Алжирде (Акмолинский Лагерь  
Жен Изменников Родины) балалар бақшасы да болғаны  
анықталып отыр: шешелері — белгілі, әкелері — белгісіз  
тірі жетімдердің басын қосқан осы балалар бақшасының  
мандайында: «Бақытты балалық шағымыз үшін Сталин-  
ге рақмет!» — деген қызыл матаға жазылған ұран ілулі  
тұрған...

Қайда екен сол қызыл мата көнерген...  
Қайда екен сол ұраншылар өлермен?  
...Сталин жоқ! Бірақ күнде көшеден  
Сталиннің балаларын... көрем мен:  
Жүреді олар өз-өзінен күйініп,  
Халқын көрсе қамшысын иіріп,  
Голошекиндер құлша иіліп,  
Тастады да сары кительді сыпырып,  
Европаша шыға келді киініп...  
Есіл-дерті — кресло — тақ қана.  
Жан-жағына көз тастайды сақтана:  
галстугы, ақ көйлегі болғанмен  
жүректері баяғыдай қап-қара!  
Зілзала ой миында бір жүйе боп,  
Тілі — таза, ділі — қара күйе боп —  
астанада, ауылда да жүр олар  
біздің күллі игілікке ие боп...  
өздері — аман... Өзге ел жатсын қансырап!  
«Винтиктерден» қайтеді олар хал сұрап?!  
Өз елінің арқасына мініп ап  
сабарысы кеп кетеді қамшылап!

Бір кездері Бейімбетті қамаған...  
Бергольцты іштен теуіп сабаған!  
Иесінің айтағымен жүретін  
ит іздейді ел ішінен қабаған!  
Сәкендерге: «Түбіңе мен жетем!» — деп  
жетті ақыры! Айта алмайсың бекер деп...  
Олжастарға тісін қайрап жүр енді,  
37... қашан келер екен деп!

Қара жүрек қара күшке сенеді,  
Түсіне ылғи Бериялар енеді:  
Өз елінің бетке шығар ұлдарын  
Өсек айтып өлтіргісі келеді...

Баспада да отыр олар сақтанып,  
Елтай құсап қызметін атқарып:  
Қайдағы жоқ «халық жауын» іздейді,  
Күнде менің қолжазбамды ақтарып...  
Оған «Адам» Адам емес — тірі өлік,  
бірі неге қалмайды оның, бірі — өліп!  
Ақындарын абақтыда ұстамақ,  
Берияны... бетіменен жіберіп!!!  
Керегі оған — керең ұрпақ, жетесіз!  
Құл боп көрші — майдай жаға кетесіз!  
Ананы да абақтыға қамап ап,  
баланы да туғызады некесіз!

Қайда екен сол қызыл мата көнерген...  
Қайда екен сол ұраншылдар өлермен?!  
Сталин жоқ!

Бірақ күнде көшеден  
Сталиннің балаларын... көрем мен!

Қалмаса да халыққа енді құны түк,  
Қарайды әлі қабақтарын суытып.  
Лениннің атын ғана айтады  
ұлы рухын қасақана ұмытып!